

Мемлекет, құқық және мемлекеттік-құқықтық құбылыстар туралы негізгі ұғымдар

Жоспар:

- 1. Кіріспе. «Құқық негіздері» пәнінің мақсаты мен міндеттері
- 2. Мемлекет ұғымы, оның белгілері, түрлері, құрылымы және теориялық негіздері.
- 3. Құқық, оның мәні мен белгілері. Құқық нормасы, нысаны және жүйесі .

«Құқық негіздері» пәні қоғамдық ғылымдардың бір саласы ретінде мемлекет пен құқық құбылыстарының пайда болуын және олардың бір-бірімен байланысын, осы құбылыстардың теориялық негіздерін, құқықтың салаларын, олардың әдіс-тәсілдерін біліп түсінуге мүмкіндік беретін, пән.

Сонымен қатар бұл пән қазіргі кезеңде қалыптасып келе жатқан мемлекеттің жаңа түрі құқықтық мемлекетті, оның белгілері мен ерекшеліктерін оқып түсінуге, бұндай мемлекеттік дамудың демократия мен азаматтық қоғам орнатуға алғы шарттар жасауға көмектесетінін түсіндіретін қоғамдық пәннің бір саласы.

Құқық негіздері пәнінің әдіс-тәсілдері:

- 1.Жалпылама әдістер (диалектикалық-материалистік)
- 2.Жалпы ғылыми әдістер (талдау, жүйелеу, синтездеу)
- 3.Жекеленген әдістер (салыстырмалы, міндеттеу, социологиялық, статистикалық т. б.)

Жалпы заң ғылымдары жүйесі жағынан бірнеше топқа бөлінеді:

- 1.Теориялық заң ғылымдары. Оларға мемлекет және құқық теориясы жатады.
- 2.Мемлекет пен құқық тарихы. Оларға Қазақстан Республикасы, басқа да елдердің мемлекеті мен құқығының тарихы жатады.
- 3.Салалық заң ғылымдары (азаматтық, конституциялық, әкімшілік, қылмыстық, еңбек т.б.)
- 4.Арнаулы заң ғылымдары (криминалистика, сот медицинасы, сот психиатриясы, экспертиза, сот статистикасы т.б.)

«Мемлекет» мәселесі ең алдымен қоғаммен тығыз байланыста қарастырылады.

Қоғам - адамдардың ұйымдасуы мен өмір сүруінің нысаны болып табылады.

Қоғам шеңберінде материалдық және рухани игіліктер өндіріліп, тұтынылып айырбасталуы белгілі бір тәртіпті, адамдар арасындағы қарым-қатнастардың орнықтылығы мен тұрақтылығын нығайтуды қажет етеді. Ол үшін адамдардың қарым-қатынастарын басқару және реттеуді жүзеге асыратын ерекше құрал қажеттігі туындайды. Сондай құрал ретінде мемлекет пайда болады.

Мемлекет - қоғамдағы аса маңызды таптық қатынастарды және өзге де жалпы адамзаттық мәселелерді шешуді және орындауды қамтамасыз ететін, тарихи қалыптасқан қоғамды ұйымдастыратын бірден-бір жан-жақты әмбебап саяси ұйым.

Мемлекетті алғашқы қауымдық қоғамдағы әлеуметтік өкіметтен ажырататын мынадай **негізгі белгілері** бар:

- 1. Қоғамнан ажыратылған ерекше көпшілік (жария) биліктің болуы.
- 2. Тұрғындардың аумақтық ұйымдастырылуы.
- 3. Тұрғындардан салықтарды жинау.
- 4. Мемлекетте арнаулы мәжбүр ету аппараты болады.
- 5. Жалпыға міндетті нормативтік актілердің болуы.
- 6. Мемлекеттің келесі негізгі ерекшелігі – егеменділігінің болуына байланысты

Мемлекет егемендігі - мемлекеттік биліктің саяси-құқықтық ерекшелігі, оның ішкі басқа биліктен және шет мемлекеттерден тәуелсіз өз мақсаттарын шешуге құқығы және еріктілігі.

Мемлекеттің пайда болуы қоғамның ішкі дамуымен тығыз байланыстағы құбылыс болғандықтан, ондағы заң, философия және саясаттану ғылымдарының өмір сүру барысында әр түрлі теориялар пайда болған.

Діни (теологиялық) теорияның негізін салушылар Августин (354-430жж.) мен Фома Аквинский (1225-1274жж.) болды. Олар дүниені, ондағы барлық жан-жануарларды, адамдарды, өсімдіктер әлемін құдай жаратқан. Өмірдегі барлық құбылыстар құдайдың құдіретімен пайда болады деп түсіндіреді. Мемлекет – тәңір еркінің жемісі, сондықтан да мемлекеттік билік мәңгі және мызғымас, ол діни ұйымдар мен қайраткерлерге бағынышты.

Патриархалдық теорияның негізін салушылар ежелгі грек философы Аристотель (б.з.д 384-322жж.), Михайловский(1842-1904 жж.) және Фильмер ілімдері бойынша мемлекет тікелей отбасының пайда болу және өсіп дамуы нәтижесінде туындайтын табиғи дамудың өнімі болып табылады.

Отбасының басшысы сияқты мемлекет басшысы – монарх болады. Сондықтан атаның билігіне қаншалықты дәрежеде бағынатын болса, мемлекет басшысының билігіне де соншалықты бағыну міндеті жүктелген.

Келісімдік теориясы ХҮІІ-ХҮІІІ ғғ. пайда болған. Өкілдері: Г.Гроций, Дж.Локк, Т.Гоббс, Ш.Монтескье, Д.Дидро, Жан-жак Руссо.

Бұл теория бойынша адамдар мемлекет қалыптасқанға дейін табиғи жағдайда өмір сүргендіктен, адамдар тағылық дәуірде қауіпті, келіссіз өмірден құтылу үшін өзара ымыраға келіп, шартқа отырады. Соның нәтижесінде ұйым құрып, оған қоғам мүшелерінің барлығын қорғауды, лайықты өмір сүруге жағдай туғызуды міндеттейді.

Қоғам мүшелері де заң талаптарына бағынатыны туралы міндеттеме алады деп түсіндіреді.

Психологиялық теорияның негізгі өкілдері Г. Тард және Л.И.Петражицкий.

Олар мемлекет пен құқықтың пайда болуының негізгі себептерін айнала қоршаған экономикалық, әлеуметтік және басқа саладан емес, адам психикасы, көңіл-күйінен іздейді, яғни бағыну қажеттігі, еліктеу, алғашқы қауымдық қоғам зиялыларына бағынышты болуды сезіну, анықталған әрекеттердің әділеттілігін сезіну және т. б.

Күштеу теориясы батыста көп тараған теориялардың бірі. Бұл теорияның көрнекті өкілдері неміс философы және экономисі Е.Дюринг (1821-1833), Л.Гумплович (1838-1909), К.Каутский (1854-1939) және тағы басқалар.

Осы теория мемлекет пен құқықтың пайда болуының негізгі себебі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы және таптардың пайда болуында емес, бір тайпалардың басқаларды жаулап алуы, күш қорсетуінде деп уағыздайды.

Тарихи материалистік теорияның ізін салушылар К. Маркс, Ф. Энгельс, Морган. Олар мемлекет пен құқықтың пайда болуын әлеуметтік-экономикалық себептермен түсіндіреді. Яғни, қоғамдық еңбектің бөлінуі, артық өнімнің жеке меншіктің пайда болуы, қоғамның қарама-қарсы таптарға бөлінуі, қайшылық күресінің басталуы.

Мемлекет мәні – оның мазмұнын, мақсатын, қызмет етуін, яғни билік және оның тиесілік мәселелерін анықтайтын басты ерекшелік.

Мемлекет мәнін қарастыру барысында оның екі жағына назар аудару қажет.

- Біріншіден, әрбір мемлекет саяси билікті ұйымдастырушы болып табылады. Бұл мемлекет мәнінің формалды жағын көрсетеді.
- Екіншіден, бұл ұйым кімнің мүддесіне қызмет ететіндігін анықтау қажет, бұл оның мәндік жағын білдіреді.

Мемлекет теориясында аталған екі негізгі: таптық және жалпы әлеуметтік көзқараспен қатар, мемлекет мәнін анықтаудың діни, ұлттық және нәсілдік көзқарастары да танылған. Басқаша айтқанда, мемлекет мәні көпжақты.

Мемлекет қызметі – қоғам дамуының белгілі бір кезеңіндегі мемлекеттің әлеуметтік мәні мен маңызын, рөлін көрсететін оның әрекетінің басты бағыттары.

Мемлекет қызметі әр түрлі негіздер бойынша жіктеледі. Кеңестік ғылымда мемлекет қызметін ішкі және сыртқы қызмет деп бөле қарастырған:

-ішкі қызмет елдің өз ішінде жүзеге асырылады және саяси билікті іске асырумен байланысты;

-сыртқы қызмет - мемлекеттің өзге елдермен қарым-қатынасын қамтиды..

Қазіргі кезеңде кез келген мемлекетпен жүзеге асырылатын мемлекет қызметін төрт топқа жіктеу танылған:

- **1- мемлекеттің экономикалық қызметі.** Оған экономиканың дұрыс қызмет етуін және дамуын әртүрлі шаралардың (елдегі меншік нысандарын қорғау, сыртқы экономикалық байланыстарды ұйымдастыру және нығайту...) көмегімен қамтамасыз ету жатады.
- **2-саяси қызмет.** Бұған мемлекеттік және қоғамдық қауіпсіздікті, сондай-ақ әлеуметтік және ұлттық келісімді қамтамасыз ету, өзара күресуші әлеуметтік күштердің қарсылығын басу, ел егемендігін ішкі және сыртқы күштердің қол сұғушылығынан қорғау мәселелерін шешу жатады
- **3- мемлекеттің әлеуметтік қызметі.** Мемлекет тұрғындарының құқықтары мен бостандықтарын қорғау, азаматтардың әлеуметтік қажеттіліктерін қанағаттандыру шараларын іске асыру, тұрғындардың қажетті өмір сүру деңгейін қолдау, еңбек жағдайын, оның ақысын, тіршілік деңгейін қамтамасыз ету мәселелерін шешеді.
- **4- идеологиялық қызмет.** Мемлекеттің аталған қызметіне елдегі басым идеологияны қолдау, білім беруді ұйымдастыру, ғылымға, мәдениетке қолдау көрсету тәріздес жұмыстар жатады.

Мемлекет типологиясы – сан алуан мемлекеттердің өздеріне тиісті тұтастай алынған маңызды қасиеттері мен жақтарының жиынтығы және жалпылама ерекшеліктерінің жүйесі. Қазіргі кезеңде мемлекет типологиясына екі түрлі көзқарас орын алған: өркениеттік және формациялық.

Өркениеттік көзқарас бойынша жіктеудің негізгі өлшемі ретінде руханилық белгілер - мәдени, діни, ұлттық, психологиялық ерекшеліктер алынады. Қазіргі таңда өркениеттің әртүрлі түсінігі бар екенін ескерсе, осы тұрғыдан мемлекеттерді де сан түрге бөлуге болатынын күреміз. Мысалы, өркениеттік сипатына байланысты шығыстық, батыстық және аралас мемлекеттер болуы мүмкін. Тарихи кезеңдерге байланысты көне, ортағасырлық және қазіргі мемлекеттер деп бөлуге болады. Тарихи және мәдени даму сипатына байланысты шаруалық, өндірістік және ғылыми-техникалық болып бөлінеді. Экономикалық даму деңгейіне байланысты жоғары дамыған, орташа дамыған және дамушы мемлекеттер болып таралады.

Мемлекеттің тарихи тектері дегеніміз белгілі бір **экономикалық формацияға** сәйкес пайда болған, олардың таптық мәнін көрсететін мемлекеттің негізгі қасиеттерінің жиынтығы. Экономикалық базис типіне сай мемлекеттер: құл иеленушілік, феодалдық, буржуазиялық, социалистік (соңғы кездері бұларға азиаттық өндіріс тәсіліне негізделген мемлекеттер мен прафеодализм қосыла қарастырылуда) болып бөлінеді.

Басқару нысаны деп – жоғарғы мемлекеттік билікті ұйымдастыру, оның жоғарғы және орталық органдарының ерекшеліктері, олардың құрылымы, құзіреті, ұйымдастырылу тәртібі, өкілеттілігінің деңгейі, халықпен өзара қатынасы және олардың оны қалыптастыруға қатысу дәрежесін айтамыз. Жоғарғы мемлекеттік билікті жүзеге асыру бір адаммен немесе сайланбалы алқалы органмен жүзеге асырылатындығына байланысты мемлекетті басқару монархия және республика деп ажыратылады.

Монархия – жоғарғы мемлекеттік биліктің бір әулетке мұрагерлік жолымен немесе өмір бақиға сайланып берілуін білдіретін басқару нысанының бір түрі. Оның мынандай белгілері бар:

- - жоғарғы билік мұрагерлік жолмен беріледі;
- - шексіз мерзімде жүзеге асырылады;
- - сайлаушылар еркінен тыс жүзеге асырылады.

Монархия екіге бөлінеді: абсолютті монархия (Сауд Аравиясы, Бруней) және конституциялық монархия.

Республика дегеніміз – басқару органдары белгілі бір мерзімге сайланатын, шешім алқалы түрде қабылданатын басқару нысанының бір түрі. Белгілері:

- - мемлекет басшысы және басқа да жоғарғы мемлекеттік билік органдарының белгілі мерзімге сайланатындығы;
- - мемлекет азаматтары мүдделерінің басым түрде қорғалуы, тұлға мен мемлекеттің өзара жауаптылығы. Республиканың екі негізгі түрі бар: парламенттік республика және президенттік республика.

Мемлекеттік құрылым нысаны – тұтастай мемлекет пен оның бөлшектерінің белгілі түрдегі құқықтық қатынастарын сипаттайтын мемлекеттің аумақтық ұйымдастырылуы.

Мемлекеттің аумақтық құрылымының бірнеше түрін көрсетеді :

- - біртұтас мемлекет
- - федерация
- - конфедерация

Саяси режим - мемлекеттік билікті жүзеге асыру тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы, оның мазмұндық қасиеті.

Саяси режим демократиялық және демократияға қарсы болып екі түрге бөлінеді.

Демократиялық режим – халықтың басқаруға қатысуына, барлық адамдардың теңдігі мен бостандығы қағидасын тануға негізделген либералдық режимнің бір түрі.

Демократиялық саяси режимде заң шығару органдары халық сайлаған алқалы органнан тұрады.

Құқық көп жақты, күрделі құбылыс. Сондықтан оған берілетін анықтамалар да сан қырлы. Құқық (жалпы әлеуметтік мағынада) тиісті мүмкіндіктердің заңда көрсетілген, көрсетілмегендігіне қарамастан адамгершілік, әдет-ғұрып тұрғысынан әрекеттің негізделуі мен еркіндік ретінде танылады.

Құқықтың функционалдық анықтамасы – қазіргі кездегі экономикамен негізделген халықтың, көпшіліктің еркін білдіретін, нормативті анықталған және бұзылудан тәрбиелеу, сендіру және қажетті жағдайда мемлекеттік мәжбүр ету шараларымен қорғалатын, қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқаратын, құқықтық демократиялық мемлекет қалыптастыру мақсатында қоғамдық келісім құралы болатын нормалар жүйесі ретінде көрсетеді.

Құқыққа мынандай белгілер тән:

- -еріктілік сипаты болады;
- -жалпыға бірдей міндеттілік көші танылған;
- -нормативтілік;
- -мемлекетпен қалыптастырылады және қорғалады;
- -жүйелілік;
- -қоғамдық қатынастарды реттеу қызметін атқарады.

Құқық мәнін анықтау барысында екі түрлі көзқарасты ескеру қажет:

- 1. **Таптық көзқарас**, онда құқық экономикалық үстем таптың заңдастырылған еркін білдіретін, мемлекетпен кепілдендірілген нормалар жүйесі ролін атқарады.
- 2. **Жалпы әлеуметтік көзқарас** бойынша құқық қоғамның әр түрлі топтарының, таптардың арасындағы келістіруші ролін атқарады.

Құқық типін анықтау қазіргі кезеңде екі түрлі нысанда жүзеге асырылады.

Бірінші көзқарас бойынша құқық типі **формацялық** тұрғыдан анықталады. Оның басты өлшемі ретінде әлеуметтік-экономикалық белгілер алынады. Экономикалық базис типіне сай құл иеленуші, феодалдық, буржуазиялық және социалистік құқық типтері анықталған.

Екінші көзқарас бойынша құқық нақты **географиялық, ұлттық-тарихи, діни, арнаулы заңдық белгілеріне** байланысты жіктеледі. Жалпы құқық, романо-германдық құқық, славяндық құқық, мұсылмандық құқық, индустық құқық және тағы басқалар.

Құқық нормасы – мемлекетпен танылатын және қамтамасыз етілетін қоғамдық қатынастарға қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін реттейтін жалпыға бірдей міндетті әрекет тәртібі.

Әрекет тәртібі ретіндегі **заңдық норманың құрылымдық элементтері**: гипотеза, диспозиция, санкция.

Құқық нормаларының тағайындалуына байланысты **екіге бөлінеді**:

- 1. реттеуші;
- 2. қорғаушы.

Әрбір норма адамның еркіне, санасына ықпал етеді, оның іс-әрекетін реттейді. Сондықтан реттеуші нормалар құқық тағайындаушы, онда қоғамдық қатынастарға қатысушыларға берілетін құқықтар мен міндеттерді жүктейтін нұсқаулар бар. Осыған байланысты олардың әрекеті тікелей реттеледі.

Қорғаушы нормалар құқықтық жауапкершілікті және басқа субъективті құқықтарды қорғайтын күштеу шараларын белгілейді. Бұл жерде адамдардың әрекетін реттеу жанама түрде асырылады.

Құқықшығармашылық - заңды актілерді жасау, жарыққа шығару не болмаса олардың заңды күшін жою, олардың алға қарай тиімділігін дамытуға бағытталған құқық қалыптастыру процесінің соңғы сатысы ретінде қоғамдағы объективті жағдаймен айқындалған мемлекет органдарының арнаулы қызметі. Субъектілерінің сипатына байланысты төмендегідей бөлінеді:

- **Халықтың тікелей құқықшығармашылығы.** Мемлекеттік және қоғамдық өмірдің маңызды мәселелері бойынша тікелей халықтық дауыс беру (референдум) жолымен заңдар қабылданады.
- **Мемлекеттік органдардың құқық шығармашылығы.** ҚР-да нормативті құқықтық актілерді қабылдау құқығына Қазақстан Республикасының Парламенті, Президенті, өкіметі ие.
- **Қоғамдық ұйымдардың құқықшығармашылығы немесе санкцияланған құқықшығармашылық.** Мемлекет белгілі бір жағдайларда қоғамдық ұйымдардың актілерін немесе әдет-ғұрып нормаларын мемлекеттің рұқсат беру күшімен заңдастыруы мүмкін.

Құқық нысаны – жалпыға бірдей міндетті, заңды маңызы бар, қоғамда орын алған құқық нормаларын ұйымдастыру тәсілі.

Құқық түп нұсқасы құқықтың пайда болуы мен әрекет етуін мүмкін ететін факторлар.

Құқық нысанының негізгі 4 түрі танылған:

- нормативті акт,
- сот прецеденті,
- әдет-ғұрыптық құқық,
- нормативті келісім.

Нормативті құқықтық акт – құқық нормаларын бекітуге, өзгертуге немесе жоюға бағытталған, айқындалған тәртіпте қабылданатын мемлекеттік органның актісі.

Ол үлкен екі топқа жіктеледі:

- заңдар
- заңға бағынышты актілер.

Заң - мемлекеттің жоғарғы өкілді органы немесе тікелей халықтық дауыс беру (референдум) арқылы қабылданған, қоғамдық өмірдің маңызды мәселелерін реттейтін әне жоғарғы заңдық күші болатын нормативті құқықтық акт.

Оның белгілері:

- -заң шығару билігі органдарымен немесе тікелей халықтың дауыс беруімен қабылданады;
- -дайындау және қабылдау тәртібі Конституция мен парламент регламентімен анықталады;
- -халықтың еркі мен мүддесін көздеуі қажет,
- -жоғарғы заңдық күші болады;
- -барынша маңызды қоғамдық қатынастарды реттейді.

Заңның өзі заңдық күшіне байланысты бөлінеді:
Конституция, конституциялық заңдар, заңдар.

Заңға бағынышты акт дегеніміз заң негізінде және заңға сүйене отырып қабылданатын, қоғамдық қатынастардың заңмен реттелмеген бөлігін қамтитын, міндеттілік күш болатын нормативті-құқықтық актінің бір түрі.

Оның түрлері:

- -Президенттің жарлықтары мен өкімдері;
- -өкіметтің қаулысы, Премьер-Министрдің өкімі;
- -Министрліктер, ведомстволар мен мемлекеттік комитеттердің бұйрық, нұсқау, ережелері;
- -Мемлекеттік биліктің жергілікті органдарының қаулылары мен шешімдері;
- -Мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының шешім, өкім, қаулылары.

Сот прецеденті кұзіретті мемлекеттік органның белгілі бір мәселе бойынша қабылдаған шешімі осыған ұқсас өзге істерді қарағанда міндетті түрде қолданылуы.

Әдет-ғұрып құқығы тарихи қалыптасқан ұрпақтан-ұрпаққа берілетін әдет-ғұрып, салт-дәстүр нормаларына мемлекеттік мәжбүр ету күші тағайындалатын құқық нысанының бір түрі.

Нормативті келісім – субъектілердің өзара мүддесін есепке алуды мүмкін ететін құқықтық қатынастар жүйесін жасайтын, әрі азаматтық қоғамның дұрыс өмір сүруін қамтамасыз ететін, оның субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін анықтайтын құқық нысаны.

Құқық жүйесі – құқықтың заңдық нормаларының ішкі өзара сәйкестігі мен бірлігін көрсететін және сонымен бірге оны объективті түрде салалар мен институттарға бөлетін, қоғамның экономикалық құрылысына негізделген құқықтың ішкі құрылымы.

Құқық жүйесін анықтау құқықтық реттеу пәні мен әдістеріне негізделеді.

Құқықтық реттеу пәні – заңдық нормалар арасында өзгешеліктеріне байланысты ерекше жүйе құрайтын қоғамдық қатынастар.

Құқықтық реттеу әдістері – мемлекет тарапынан қоғамдық қатынастарға құқықтық әсер етудің тәсілдері мен әдістерінің жиынтығы.

Құқық саласы – біртектес қоғамдық қатынастарды ерекше тәсілмен реттейтін құқық жүйесінің жеке бөлігін құрайтын нормалар жиынтығы. ҚР-да құқықтың мынандай салалары танылған: конституциялық құқық, азаматтық құқық, қылмыстық құқық, отбасылық құқық, әкімшілік құқығы, еңбек құқығы, экологиялық құқық және т.б.

Құқықтық институт деп құқық саласы тәртіпке салатын қоғамдық қатынастар ішінде ерекше жекеленген қатынастарды реттейтін құқықтық нормативтер жиынтығын айтамыз.

Заңдар жүйесі - заң шығарушының және өзге де мемлекеттік органдардың қабылдаған құқықтық нормаларын топтастыру.

Әдебиеттер

- *Негізгі әдебиеттер: 1-10.*
- *Қосымша әдебиеттер: 1,40.*
- *Электрондық сақтаушылардағы қайнар көздер: 1-3*

Назарларыңызға рахмет!!!

